

**«Ақтан Төлеубаев атындағы жалпы орта білім беретін мектеп» КММ
2021 – 2022 оқу жылының оқу-тәрбие ісі бойынша атқарылған жылдық
есебі.**

Ақтан Төлеубаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебінде 2021 -2022 оқу жылы нәтижеге бағытталған әдістемелік жұмыс ұйымдастырылды, тақырыбы « Мұғалімдердің сабақтарда ақпараттық – коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалануы» жылдық әдістемелік жоспары құрылып, жұмыс іске асты. Әдістемелік жұмысты ұйымдастыруда төмендегі бағыттар бойынша жұмыс жүргізілді:

- Мектеп мұғалімдерінің біліктілігін көтеру жүйесі, педагогтық шеберлікті, кәсіптік деңгейін жоғарлатуға бағытталған және педагогтарды шығармашылық потенциалын көтеруді көздейді.
- Мектептің әдістемелік қызметін жетілдіру ол педагогтардың кәсіптік дамуы н қолдауға арналған .
- Педагогтардың жаңашыл қызметтері – мектептің оқыту үрдісінің сапасын көтеруге және мұғалімдердің ғылыми-педагогтық қызметтерін жандандыруға бағытталған

2021-2022 оқу жылының әдістемелік тақырыбы «Мұғалімдердің сабақтарда ақпараттық – коммуникациялық технологияларды тиімді пайдалануы», осы орайда оқу жылында төрт әдістемелік бірлестіктерінде апталықтар аталып өтті. Апталықта өткізілген ашық сабақтармен сыныптан тыс іс- шаралар және мектепшілік сайыстар өз уақыттарында өткізіліп отырды. Жоспарланған жұмыстар толық жүзеге асты, пән мұғалімдері ашық сабақ, сыныптан тыс іс шара және сайыстар өткізді, пән мұғалімдері сабақ беру кезінде АКТ және оқытудың белсенді әдіс-тәсілдерін қолданды. Ашық сабақ пен сыныптан тыс іс- шараға басқа пән мұғалімдері, мектеп әкімшілігі қатысты. Үздік апталық көрсеткен әдістемелік бірлестік ұстаздары мен жетекшісіне мектеп директорының атынан алғыс жарияланды.

Биылғы оқу жылында бастауыш сынып бірлестігі аудандық семинар өткізді. Семинар тақырыбы: «Білім басы бастауышта қаланар, білімменен әлемге жол салынар», семинар мақсаты: жаңа әдіс-тәсілдерді, ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, әр сабақта оқушылардың қызығушылығын, шығармашылық қабілетін арттыру, терең де, тиянақты білім беру. Семинарға әр мектептен бір бастауыш сынып мұғалімі қатысты.

Әдістемелік тақырыпты үгіттеу мақсатында мектепшілік оқыту семинары өтті. Семинардың мақсаты: АКТ-ның тәжірибеде қолданудағы тиімділігі туралы бағыт бағдар беру. АКТ туралы ғылыми ұғымдарды түсіндіру және оларды қабылдау. Компьютер және телефон мен жұмыс жасауды қалыптастыру. АКТ-ны пайдалануға деген қызығушылығын арттыру. Семинарда 4 шебер сынып – 5 тақырыппен ұсынылып өтті. Семинарды ұйымдастыру үшін, психологиялық ахуал, жұмысқа деген қызығушылықты ояту үшін team building ұсынылды. Семинар нәтижесінде АКТ-ның тәжірибеде қолданудағы тиімділігі туралы бағыт бағдар алды. Компьютер және телефон арқылы тез әрі жеңіл жұмыс жасау түрлерімен

танысты. Семинарда kundelik.kz / Quizziz, LearningApps, Zip grade - сервистарын, QR код қалай қолданатынымыз жайлы әріптестер бір-бірін үйретті.

Мектептің әдістемелік жұмысы, мұғалімдерден құралған әдістемелік бірлестіктерімен және мектептің әдістемелік кеңесі арқылы басқарылады.

Мектептің әдістемелік жұмысын басқарудың жағдайын жақсарту мақсатында мектеп директорының бұйрығына сәйкес мектепте төменгі құрамда әдістемелік кеңес құрылды:

Мектеп директоры – кеңес төрайымы

Досмагамбетова С.А. – директордың оқу ісі орынбасары

Айкишева С.Б. – директордың оқу-тәрбие ісі орынбасары

Уралбекова А.Р. - директордың тәрбие ісі орынбасары

Уткельбаева А.М. – гуманитарлық пәндер ӘБ жетекшісі

Мухамедина Б.М. – математика ӘБ жетекшісі

Жумбаева З.А. – бастауыш сынып ӘБ жетекшісі

Мамбетбаева А.И. – жаратылыстану ӘБ жетекшісі

Оқу жылының басында кеңестің жылдық жұмыс жоспары құрылды, кеңес отырыстары өтті. Төмендегі мәселелер қарастырылды.

- 2021- 2022 оқу жылының нұсқаулық хатымен таныстыру;

- Педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау ережелерімен таныстыру;

- Оқыту және тәрбиелеу нәтижелерін мониторингілеу;

- Пән апталықтарының қорытындысы;

- ӘБ жұмысы;

- интерактивті тақтамен жұмыс, компьютерлік сауаттылық;

- аттестациядан өтетін мұғалімдердің дайындық барысын бақылау;

Мектептің әдістемелік қызметінің негізі – бұл пәнаралық әдістемелік бірлестік. Біздің мектепте 4 әдістемелік бірлестік жұмыс істейді: гуманитарлық ӘБ, математикалық ӘБ, бастауыш сынып ӘБ, жаратылыстану ӘБ.

Мұғалімдердің педагогикалық шеберлігін және оқушылардың өнерін, дарынын көрсететін жұмыстың түріне пән апталықтарын өткізу жатады. Оларды өткізу жоспары жылдың басында жасалынды. Пән апталығын өткізудің қорытындысы педагогикалық кеңестің отырысында қарастылырып, үздік апталық көрсеткен ӘБ-нің ұстаздары мен бірлестік жетекшісіне мектеп директоры атынан алғыс жарияланды.

Келесі жылға айтар ұсынысым барлық пән апталықтары бұдан да қызықты, тартымды, мазмұнды өтсе және сабақтарда АКТ құралдары көбірек қолданылса.

Аттестация – педагогикалық біліктіліктің бір бөлігі. Ол мұғалімдердің шеберлігін шыңдап, шығармашылық белсенділігін арттырып, педагогикалық еңбектің жиынтығын көрсетеді. 2021-2022 оқу жылында аттестациядан өту мақсатымен төмендегі мұғалімдер өтініш білдірді.

«педагог - шебер», «педагог - зерттеуші» біліктілік санатына өтініш берілмеді.

«Педагог-сарапшы» біліктілік санатын растауға:

Биология пәні мұғалімі – Мамбетбаева А.И.

Дене шынықтыру пәні мұғалімі – Шамбеков Қ.С.
Даярлық тобы тәрбиешісі – Рахимжанова А.Ш.
«Педагог-модератор» біліктілік санатын көтеруге:

Даярлық тобы тәрбиешісі – Усеинова Р.К.

Технология пәні мұғалімі – Қылышбаев Д.Е.

Орыс тілі және әдебиеті пәні мұғалімі – Диханбаева С.А.

Дене шынықтыру пәні мұғалімі – Қылышбаев Е.Е.

Қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі – Сайлаубекова И.К.

Жалпы өтініш білдірген ұстаздар саны – 8, ол барлық педагогикалық ұжымның 22,2% құрайды.

Аттестацияның бірінші кезеңінен өткен жалпы – 2 ұстаз – 25%, бірінші кезеңінен өте алмай қалған ұстаздар саны – 3 – 37%, белгілі себептерге байланысты тестке бара алмаған ұстаздар саны – 1 – 12%

Оқу жылы барысында мектепішілік сараптамалық топ **бір** ұстаздың құжаттамасымен танысты, отырыс өткізіп, ұстаздың құжаттары стандарттарға сай болып, біліктілігі көтерілді.

Соңғы № 561 2021 жылғы 12 қараша аттестацияның өзгеруіне байланысты 2021 – 2022 оқу жылының екінші жартжылдығынан бастап мектепішілік сараптамалық топ аттестацияға өтініш білдірген ұстаздардың портофолиосын қарай алмайды, тек жұмысқа орналасушы жас маманның портофолиосын қарайды.

2021 – 2022 оқу жылында жалпы педагогикалық ұжымның біліктілік санаттары төмендегідей:

«педагог - шебер» - жоқ;

«педагог – зерттеуші» - 6; / Абдикаримова С.Т., Бейсембекова Б.Н., Айтмағамбетова Г.М., Сакенова Г.С., Байтуганова М.М., Утебаев Е.К./

«педагог – сарапшы» - 12 /Абдығалиева М.Е., Ахметжанова Ү.Б., Ахметова Г.Ж., Байтуганова М.М., Досмағамбетова С.А., Жумбаева З.А., Исатаева А.А., Каукеев ;Е., Мамбетбаева А.И., Мектепбергенова А.М., Тоташева А.М., Уткельбаева А.М./

«педагог - модератор» - 9 / Айкишева С.Б., Ермұрат Е., Диханбаева С.А., Лөкетқызы М., Омарова О.Т., Макажанова Г.К., Рыспаева Н.М, Шукиржанова Т.Б. *Күреген А.Ж./*

I санат – 3 / Шамбеков Қ.С., Мухамедина Б.М., Рахимжанова А.Ш./

II санат – 2 / Усеинова Р.К., Қылышбаев Д.Е./

Білімдері бойынша:

Магистрант	Жоғары білімді	Арнаулы орта білімді
1	28	8

Мұғалімдердің кәсіби шеберлігін арттыру үшін биылғы 2021 – 2022 оқу жылында біліктілік арттыру курстарынан 19 ұстаз өтті. «Өрлеу» біліктілік артыру институтында – **10 ұстаз** өтті /Айтмағамбетова Г.М., Жумбаева З.А., Исатаева А.А., Байтуганова М.М., Мектепбергенова А.М., Тоташева А.Ж., Уткельбаева А.М., Каукеев Е.А., Шамбеков К.С., Лөкетқызы М./ «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнында - **2 ұстаз** өтті / Мусин А.Н.,

Қылышбаев Е.Е./, ҚР білім және ғылым министірлігі біліктілікті арттырудың халықаралық орталығында – **1 ұстаз** / Рахмангулов С.С./ және де мемлекеттік қызмет көрсету бойынша **6 адам** әкімшіліктеп курс өтіп сертификат иеленді.

2021 жылдың қараша айында мектепішілік пән олимпиадасы 8 – 11 сынып оқушылары арасында - қазақ тілі және әдебиеті, орыс тілі және әдебиеті, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, құқық негіздері, ағылшын тілі, алгебра, информатика, физика, химия, биология, география, өзін-өзі тану пәндері бойынша өтті. Жалпы мектепішілік пән олимпиадасына - 48 оқушы қатысты. Мектепішілік кезеңінен аудандық кезеңге 24 оқушы жолдама алды, 24 оқушының 1 оқушысы себепті жағдаймен қатыспады.

Аудандық олимпиада қорытындысы бойынша (грамота бойынша)

№	Пән атауы	Орын	Пән мұғалімі
1	Қазақстан тарихы	III	Кульманов М.К.
2	Информатика	I, III	Далабаев А.К.
3	Өзін-өзі тану	I, 2 - II	Бейсембекова Б.Н.
4	Химия	II	Лөкетқызы М.
5	Орыс тілі және әдебиеті	III	Диханбаева С.А.
6	Құқық негіздері	III	Кульманов М.К.
7	Ағылшын тілі	II	Айкишева С.Б.
8	География	2 - III	Байтуганова М.М.
9	Физика	II	Сакенова Г.С.

Аудандық пән олимпиадасының қорытындысы бойынша – 39% білім сапасын көрсеттік.

Облыстық олимпиадаға ешқандай оқушы жолдама алып, қатысқан жоқ.

2021 – 2022 оқу жылында 5-6, 8-11 сынып оқушылары республикалық пән олимпиадаларына қатысты. Республикалық олимпиада 4 кезеңнен тұрды: мектепішілік, аудандық, облыстық, республикалық. Олимпиадаға тапсырмаларды әзірлеген «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы.

Республикалық олимпиада келесі пәндер бойынша өтті. 5-6 сынып оқушылары үшін: математика, жаратылыстану, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі, Қазақстан тарихы. Жалпы мектепішілік кезеңіне қатысқан оқушылар саны 16, аудандық кезеңге өткен 4 оқушы, нәтижесі қараусыз қалды. (Бораш Инжу – ағылшын тілі, Алпысбай Медина – математика, Садық Айымжан – қазақ тілі, Ишанбек Жандияр – орыс тілі)

8 - 11 сынып оқушылары үшін: жаратылыстану – математика бағыттары бойынша өтті. Бірден аудандық кезеңге 12 оқушы қатысты, аудандық кезеңнің қорытындысы бойынша 8 сынып оқушысы Ибраева Дина химия пәнінен облыстық кезеңге жолдама алып қатысты. Қатысушылардың **сертификаттары мен дипломдары енді беріледі.**

IQanat ауылдық мектеп оқушыларына таланттарын ашуға және лайықты білім алу мүмкіндіктерін анықтау мақсатында 2021 – 2022 оқу жылында 8 – сынып оқушылары қатысты. Біздің мектептең осы олимпиадаға қатысу үшін 15 оқушы өтініш беріп аудандық кезеңге қатысты, 2 оқушы Шойынбекова Динара, Төлеубай Арнұр облыстық кезеңге жолдама алып

катыспады. Себебі қатысуға ауа-райының қолайсыздығына байланысты ата-анасы қатысуға жібермеді.

Біздің мектебіміздегі оқушылар үнемі әр түрлі интеллектуалдық марафондар мен қашықтық олимпиадаларға қатысып отырады. Интеллектуалдық ойындар оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, ойлау қабілетін дамытып, байытады. Ал 2021-2022 оқу жылында оқушылар арасында өткен «Ақбота» интеллектуалдық марафонына қатыспадық, себебі хабарландыру алмадық, ал пән мұғалімдері республикалық чаттардан соңғы қатысатын күндері көрді.

5-6 сынып оқушылары «Мың бала» ұлттық олимпиадасына тіркеліп қатысты. Жалпы қатысқан оқушылар саны 26, 5 сынып – 12 оқушы, 6 сынып – 14 оқушы.

Мектептің әдістемелік жұмысының ішіндегі ең маңызды орын педагогикалық тәжірибені оқыту, дамыту және тарату болып табылады. Мұғалімдер іс-тәжірибелерін дамыту, тарату мақсатында мақалалары, ашық сабақтары баспа бетінде жарияланды:

- Айтмағамбетова Ғ.М. – Республикалық ғылыми журнал «Қазақ педагогикасы» - сабақ жариялады
- Жумбаева З.А. – Республикалық ғылыми – танымдық педагогикалық журналы «Білім айнасы» - мақала «Дарынды оқушылардың қабілеттерін дамыту бағытында істелетін жұмыстарының мақсаттары мен міндеттері»
- Айкишева С.Б. – аудандық «Нұр - Қорғалжын» газеті № 37 – мемлекеттік қызмет көрсету – мақала
- Ермұрат Е. – Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал «Өнегелі ұрпақ» - мақала, тақырыбы: «Ағылшын тілі сабақтарында жаңа әдіс-тәсілдер арқылы оқушылардың қызығушылығын арттырудың жолдары»

Қазіргі заман талабына сай мектепке тек қана педагогикалық шеберлігі жоғары, өзінің іс-тәжірибесін сын тұрғысынан қарастырып, іске асыра алатын және сабақтарында жан-жақты ақпаратты қолдана алатын мұғалім қажет. Сондықтан әдістемелік жұмысты ұйымдастыру, мектептің даму жоспарларында ең негізгі бағыт болып табылады. Әдістемелік жұмыстың ең негізі бұл – мектепте жалпыға бірдей сый құрметпен қарауға, әр адамның өзін-өзі өсіруіне ұжымдық және жеке алға ұмтылуына жағдай жасау.

Біз жұмысымызда, мектепте психологиялық, педагогикалық қарым-қатынастың жоғарғы дәрежесін құруға тырыстық. Яғни мектеп туралы бала және үлкен адам ойлағанда төмендегідей шешімге келсін: «Мектеп дегеніміз – бұл тек қана бала оқитын жер емес, бұл сен әрқашан да жақсы көретін, құрметтейтін, көмекке келе алатын, әр балаға төзімділікпен қарайтын, қиын да қызықты, көңілді және қуанышты мектеп».
